ӘОЖ 331.101.68
МРНТИ 06.81.23
DOI 10.56525/HMPN5548

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАРДА ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Ж.Т.Бекбергенова[1], Ш.Ниязбекова[2], *А.Кизимбаева[3]
[1]НАО МУК, Бишкек, Қырғызстан
[2]Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Қаржы университеті, Москва, Ресей
[3]Yessenov University, Актау, Казахстан
e-mail: zhuldyz.bekbergenova@yu.edu.kz, shakizada.niyazbekova@qmail.com, azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz
Корреспондент автор: azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz

Аннотация: Бұл зерттеу барысында экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде өндіріс факторларына негізделген индустриялық экономикадан білімге негізделген экономикаға көшумен айқындаладындығын есепке ала отырып, елдегі ұйымдарда зияткерлік капиталды ұйымдастырудың және оны дамытудың қажеттілігі қарастырылады. Осындай жағдайда зияткерлік капитал маңыздылығы жағынан табиғи ресурстардан, технологиядан және тіпті қаржылық капиталдан асып түсетін кез келген ұйымдар үшін негізгі актив және байлықтың негізгі көзі болып танылады. Зияткерлік капиталды тиімді пайдалану бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып және бірегей артықшылықтар арқылы қосымша пайда алуға мүмкіндік береді. Ал оны басқара білу жоғары бәсекелестік жағдайында ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін мақсатты үдеріске айналуда. Бұл мақала зияткерлік капиталдың мәнін, оның құрылымын және оны қазіргі заманғы ұйымдарда қалыптастыру мен дамытудың императивті қажеттілігін қарастырады. Зияткерлік капиталдың негізгі құрамдас бөліктерінің - адам капиталы, құрылымдық капитал және тұтынушы капиталының ұйымның жұмысына әсер ететін негізгі тетіктерін қарастырады. Осы құрамдастардың әрқайсысын бағалау тәсілдері және олардың экономикалық көрсеткіштеріне әсері сипатталған. Зияткерлік капиталдың құрамдас бөліктерін талдау негізінде олардың негізгі сипаттамалары мен қасиеттері айқындалып, ұйымдық көрсеткіштерге әсер ету негіздері және қалыптастыруың, дамытудың қажеттілігі анықталады.

Зияткерлік капиталдың және оның құрамдас бөліктерінің Қазақстандағы ұйымдардың қызметінің тиімділігіне әсерін бағалаған халықаралық сандық және сапалық зерттеулердің нәтижелері талданады және зияткерлік капиталдың құрамдас бөліктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін енгізу және оның барлық құрамдас бөліктерінің жиынтығы ретінде зияткерлік капитал тудыратын бәсекелестіктің артықшылықтарын пайдалану арқылы болашақ зерттеулердегі зияткерлік капиталды жақсарту тәсілдері ұсынылады.

Түйін сөздер: ұйым экономикасы; құрылымдық капитал; тұтынушы капиталы; бәсекеге қабілеттілік; білім экономикасы; зияткерлік капиталды дамыту.

Кіріспе

Зияткерлік капитал түсінігінің өзі ұйымның қызметімен, технологиялық әлеуетімен тығыз байланысты және оның дамуындағы қарқындылықты қамтамасыз ете алады.

Постиндустриалды экономикада зияткерлік капитал- ұйымдардағы құнды құраушы негізгі факторға айналуда. Ұйымдардағы материалдық емес активтер ұйымдық өзгерістерге әкеледі және болашақта экономикалық пайда әкеледі. Қазіргі экономикадағы қарқынды дамып келе жатқан бәсекелестік, серпінді бизнес орта, цифрландырудың тез қарқынмен дамуы және тұтынушылардың тез хабардар болуы да ұйымдарда көптеген өзгерістерге алып келуде. Олардың өмір сүруі көбіне осы аталған өзгерістерге бейімділігі мен қабілеттеріне

тікелей байланысты [1].

Сондықтан жоғары бәсекелестік ортадағы ұйымдардың табысы тек материалды активтерге байланысты емес, материалдық емес активтерге де негізделеді [2].

Экономиканы жедел цифрландыру және жаһандық бәсекелестікті күшейту жағдайында қазіргі заманғы ұйымдар өз ресурстарын үнемі жаңартып отыру және жетілдіру қажеттілігіне тап болады. Тұрақты даму мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін негізгі активтердің бірі-зияткерлік капитал. Білімді, инновацияны және қарым-қатынасты тиімді басқаратын компаниялар қосымша құндылықты құрып қана қоймай, сонымен қатар тұрақты бәсекелестік артықшылықты қалыптастыра алады.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Жұмыста зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер эмпирикалық, статистиканың есептеу-аналитикалық алгоритмдері, динамика сериялярын талдау, индукция және дедукция, фактологиялық ақпараттар және графикалық түсіндірулер қолданылды.

Бұл зерттеу экономикадағы зияткерлік капиталдың мәнін және оның негізгі компоненттерін, оны анықтаудың әдіснамалық аспектілерін зерттеді. Ұлттық экономиканың бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастырудағы зияткерлік капиталдың рөліне және оның экономикалық өсуге әсеріне ерекше назар аударылады. Қолданыстағы теориялық тұжырымдамаларды талдау осы категорияны зерттеудің негізгі тенденцияларын анықтауға және одан әрі зерттеудің перспективалық бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеу аясында зияткерлік капиталдың мәніне, оның негізгі компоненттеріне және оны анықтаудың әдіснамалық аспектілеріне талдау жүргізілді. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдістері, экономикалық-статистикалық әдістер, сондай-ақ сараптамалық бағалау қолданылды. Алынған нәтижелер зияткерлік капиталды және оның экономикадағы рөлін анықтауға ғылыми тәсілдерді жүйелеуге, сондай-ақ оны тиімді пайдалану мен дамыту бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде оны түсіндірудің көптеген тәсілдері ұсынылған, бұл құрылымның күрделілігіне және осы құбылыстардың пәнаралық сипатына байланысты. Кейбір зерттеушілер зияткерлік капиталды білім мен құзыреттіліктің жиынтығы ретінде қарастырады, ал басқалары оны инновациялық қызметке қосуға баса назар аударады және қосылған құнды жоққа шығарады.

Зерттеу нәтижелері.

Қазіргі жағдайда зияткерлік капитал ұйымдардың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын негізгі факторға айналды. Қазіргі зерттеушілер зияткерлік капиталды бірнеше рет пайдалану мүмкіндігі және жеке элементтердің-білім мен дағдылардың жинақталуы сияқты ерекше қасиеттері бар жетекші экономикалық ресурс ретінде бағалайды. Ұйымдардың қызметін басқару үрдісінде осы ерекшеліктерді ескеру оның құнына әсер етуі мүмкін, бұл экономикалық қатынастардың барлық қатысушылары үшін маңызды. Ұйымдардың жұмыс істеу тиімділігі зияткерлік капиталды қалыптастыру және пайдалану үрдісінің сипатына тікелей байланысты. Зияткерлік капитал ұйымдардың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады.


Зияткерлік капиталды белсенді түрде жетілдірген жағдайда ғана ұйым нарықтағы өткір бәсекелестікке сәтті қарсы тұра алады. Й Руус, с. Пайк және Л. Фернстрем ұсынған теорияға сәйкес зияткерлік капитал құрамында элементтері бар үш компоненттін тұрады (1-сурет).

Зияткерлік капитал- өз кезегінде ұйымның материалдық емес активтерінің жиынтығы бола отырып, соның ішінде:

- адами капитал - қызметкерлердің білімі, тәжірибесі және дағдыларының.
- құрылымдық капитал - үрдістер, мәліметтер базасы, патенттер және ұйымдастырушылық мәдениетінің.
- қарым-қатынас капиталы - іскерлік байланыстар, бедел және сыртқы серіктестермен өзара әрекеттесуінің жиынтығы болып табылады [3].

Бұл компоненттердің үйлесімі компанияның инновациялық белсенділігі мен

стратегиялық дамуына негіз болады.



1- сурет. Руус Й, Пайк. С. және Фернстрем Л., ұсынған зияткерлік капиталдың құрамы

Д. Ванг, С. Чен зияткерлік капитал жоғары өнімді жүйелер (адами ресурстардың кейбір тәжірибелері – жалдау, ауқымды тренингтер, білім мен дағдыларды марапаттау жүйелері, тимворкинг, қызметкерлердің компанияны басқаруға қатысуы) мен инновациялық мүмкіндіктер арасындағы байланыс екенін анықтады. [4].

Зияткерлік капиталдың бәсекелестік артықшылықтар мен бизнестің тиімділігіне әсерін Чахал Х, Бакши П, сияқты авторлар зерттеді. Олар интеллектуалды капитал мен компанияның бәсекелестік артықшылығы арасындағы байланыста ұйымдағы инновация мен өзін-өзі оқытудың рөлін зерттеді [5] .

Зияткерлік капиталға назар аударған тағы бір зерттеуші- Холлис Э. Ол өзінің халықаралық зерттеулерін фирмаларының қызметіндегі зияткерлік капиталдың рөліне арнады. Зерттеу нәтижелері сауалнамаға қатысқан аға менеджерлердің 94%-ы материалдық емес активтерді басқаруды компанияның алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі деп санайтынын көрсетті, ал сауалнамаға қатысқан менеджерлердің 49%-ы зияткерлік капитал ұзақ мерзімді перспективада меншік иелерінің әл-ауқатының тұрақтылығының негізгі көзі болып табылады деп санайды [6].

Әдебиеттерде зияткерлік капитал ұйымның иелігіндегі білімнен - ұйым қызметкерлері де ұсынатын білімнен тұратыны кеңінен мойындалған [7]. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша қызметкерлер өздерінің құзыреттілігі, мүмкіндіктері және интеллектуалды ептілігі арқылы зияткерлік капитал жасайды. Құзыреттілік, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптасады және мүмкіндіктер негізінен қызметкерлердің мінез-құлқы арқылы дамиды, ал интеллектуалды ептілік проблемаларды инновациялық шешімдермен шешу қабілетімен байланысты. Адами капиталдың тағы бір анықтамасы Свейбиден [8] өрбіткен, оған сәйкес зияткерлік капитал «материалдық және материалдық емес активтерді құру үшін әр түрлі жағдайларда әрекет ету қабілеті» ретінде анықталуы мүмкін [9].

Осылайша, эмпирикалық зерттеулер зияткерлік капитал элементтерінің табысты қалыптастырудың және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде ұйымның экономикалық өсу мақсаттарына жетудің негізгі факторы ретіндегі маңыздылығын растайды.

Ұйымдар шеңберіндегі микродеңгейдегі интеллектуалды даму деңгейі бүкіл ел шеңберіндегі макродеңгейдегі интеллектуалды даму деңгейіне айтарлықтай байланысты.

Адами капиталды қалыптастыруда азаматтардың білімін, дағдылары мен

денсаулығын дамытуға ықпал ететін көптеген факторларға әсер ететін мемлекет маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Ең маңызды факторларға білім беру, денсаулық сақтау, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге инвестициялар, жұмыспен қамтуға жағдай жасау, еңбекке қабілетті халықтың көші-қоны, мәдени және ғылыми дамуды қолдау және басқалар жатады. Адами капиталға әсер ететін негізгі факторларды ескере отырып, оның елдегі деңгейі туралы қорытынды жасауға болады [10].

Зияткерлік капиталды анықтау және өлшеу қазіргі экономикалық ғылымның маңызды аспектілері болып қала береді. Тиісті әдістемелерді дамыту материалдық емес активтердің экономикаға қосқан үлесін дәл бағалауға және оларды басқарудың тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді [11].

Қазақстанда зияткерлік капиталды дамыту ғылымды қажетсінетін экономиканы құрудың және жаһандық инновациялық кеңістікке интеграциялаудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Экономика институтының мамандары өңірлердің зияткерлік капиталды пайдалану тиімділігін бағалау және қоғамның цифрлық трансформациясы мен рухани жаңғыруы жағдайында оны дамыту стратегияларын әзірлеу қажеттілігіне назар аударады. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар саласындағы жұмыс компаниялардың қаржылық көрсеткіштерінің зияткерлік капиталды басқару деңгейі мен сапасына тікелей тәуелділігін көрсетеді. Инновациялық құзыреттер мен материалдық емес активтерді дамыту елдегі ұйымдардың экономикалық тиімділігін арттыруда шешуші факторға айналуда.

Елдің экономикалық өсуі жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) тұрғысынан өлшенеді. ЖІӨ жоғары деңгейдегі өсімі күшті және әлсіз экономиканы көрсетеді. ЖІӨ-нің жоғары өсуі бұл компанияның қызметінің өсуінің ерекше екенін көрсетеді [12].


Сонымен қатар, ЖІӨ инвестициялардың кірістілігі оң және маңызды байланысқа ие болса, бұл нәтиже жоғары ЖІӨ елдегі өсудің жоғары қарқынын көрсетеді және бұл ұйымдар жұмысын жақсартуға көмектеседі, және нарықтық көрсеткіштердің жоғарылауына алып келеді [13].

Елдегі ҒЗТКЖ-ға (ҒЗТКЖ) ішкі қаржыландырулар ЖІӨ-нің %-ы ретінде ғылымның қарқындылығының тікелей көрсеткіші болып табылады. Қазақстан Республикасының экономикасындағы жоғары технологиялық сектордың үлесін қарастыру зияткерлік капиталды қалыптастыру және дамыту қажеттілігін объективті негіздеуге мүмкіндік береді, өйткені дәл осы зияткерлік ресурстар жоғары технологиялардың (higt-tech) өсуінің және елдің инновациялық экономикаға көшуінің негізгі факторы болып табылады.

Егер Қазақстандағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға ЖІӨ-нен бөлінген ішкі қаржыландырудың көрсеткішіне талдау жасайтын болсақ, ол оң нәтиже көрсетіп отыр және оның қарқыны қатарынан екінші жылы өсуде (2-сурет).

ҚР АӘК Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылы ғылымды қаржыландыру 42%-ға, 2024 жылы - 27,3% - ға ұлғайды.


Қаржылық аударымдардың өсуіне байланысты экономиканың ғылымды қажетсіну қарқыны өскенімен - ЖІӨ-нің 0,14%-дан 0,16%-на дейінгі көрсеткіші әлі де төмен деңгейде қалып отыр. ЮНЕСКО статистика институтының деректеріне сәйкес, Қазақстанның көптеген дамыған елдермен салыстырғанда аутсайдер болып табылады. Мысалы, Жапонияда ЖІӨ-дегі ҒЗТКЖ үлесі - 3,4%, Израильде - 6%, Нидерландыда - 2,3% құрайды. Қазақстан 2027 жылға дейін қол жеткізгісі келетін меже ЖІӨ-нің кем дегенде 1%.



2- сурет. 2019-2024 жылдары ҒЗТКЖ-ға арналған Қазақстан Республикасының ЖІӨ –дегі қаржыландырудың пайыздық үлесі [14].

Ұйымдардағы меншік нысандары бойынша деректерді егжей-тегжейлі көрсету ҒЗТКЖ-дағы барлық қаржыландырудың жартысынан көбін мемлекетке тиесілі ұйымдар көтеретінін көрсетеді. Өткен жылы ғылымға жұмсалған қаржының жалпы сомасынан олар 132,6 млрд теңге бөлді. Жалпы көлемнің өсуін қамтамасыз еткен мемлекеттік кәсіпорындар болды. Қаржыландыру көздерінің құрылымы ғылым қаражатының үштен екісі бюджеттен түсетінін көрсетеді. ҒЗТКЖ базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы бюджеттік қаржыландыру өткен жылы жиынтық сомасы 162,7 млрд теңгені немесе жалпы соманың 74,1%-ын құрады. Мемлекеттік қаржыландырудың осындай үлкен үлесі соңғы бірнеше жылда да байқалды [15].

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар санын талдау қазіргі экономикада зияткерлік капиталды қалыптастыру және дамыту қажеттілігін негіздеу кезінде маңызды мәнге ие. Бұл көрсеткіш инновациялық белсенділік деңгейін және бизнестің зияткерлік капиталдың негізгі компоненттері болып табылатын жаңа білім мен технологияларды құруға қатысу дәрежесін көрсетеді. ҒЗТКЖ жүргізетін ұйымдар санының серпіні ұлттық инновациялық жүйенің жай-күйін бағалауға, ғылыми-техникалық әлеуетті дамытудағы үрдістерді анықтауға және білім генерациясы саласындағы бар кедергілерді анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасындағы ҒЗТКЖ жүзеге асыратын ұйымдардың саны, зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелеріне тікелей әсер етеді (3-сурет).



3- сурет. Қазақстан Республикасындағы ҒЗТКЖ жүзеге асыратын ұйымдар саны, бірлік


Ұсынылған деректерден көріп отырғанымыздай, өткен жылы осындай ұйымдардың жалпы санының - 423, ал оның үштен бірі - 142 мекеме-географиялық жағынан Алматы

қаласының үлесіне тиесілі болып отыр. Алматы қазақстандық ғылымда жетекші рөл атқарады. Мегаполисте ғылыммен айналысатын ең көп кәсіпорындар, жоғары оқу орындары мен ҒЗИ бар екендігімен айқындалады.

Бұл статистиканы зерттеуге енгізу зияткерлік капиталдың стратегиялық рөлі туралы теориялық ережелерді эмпирикалық растауды қамтамасыз етеді және бәсекелестік ортаның күшеюі және экономиканың цифрлық трансформациясы жағдайында оны одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Алматының Қазақстан ғылымындағы көшбасшылығы мықты материалдық-техникалық базадан басқа, елеулі зияткерлік әлеуетке ие. Зияткерлік капитал ғылыми жетістіктердің негізгі қозғаушы күші болды, қалады және бола береді. Алматыдан ҒЗТКЖ-ны жүзеге асырған зияткерлік капиталдың үлесі өткен жылы қазақстандық ғалымдардың жалпы санының 39,2% - құрады. Бұл абсолютті мағынада көрінеді: ғылыми ұйымдардың 27,1 мың қызметкерінің 10,6 мыңы 2024 жылы Астанада тұрып, жұмыс істеді. Соңғы бес жылда алматылық ғалымдар мен зерттеушілердің саны 20% - ға өсті.

Зияткерлік капиталдың ҒЗТКЖ-ға тартылуын анықтау үшін сарапшылар экономикада жұмыс істейтін 10 мың адамға шаққандағы зерттеушілер саны сияқты индикаторды пайдаланады. ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш 40-тан 238-ге дейін құрайды (4-сурет).



4- сурет. Қазақстан Республикасындағы 2019- 2024 жж., ҒЗТКЖ жүзеге асыратын қызметкерлердің саны

Ғылым жөніндегі Ұлттық баяндаманың деректері бойынша, Қазақстанда 2023 жылы ол небәрі 25,5 мың адамды құрады. Барлық өңірлер арасында бұл көрсеткіш Алматыда ең жоғары болды: 10,6 мың адамды құрады.

Ғылыми әзірлемелерді коммерциялandыру бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қолданбалы ғылыми жобалар мен бағдарламалар нәтижелерінің көпшілігі отандық экономикада сұранысқа ие емес немесе оған сұраныс аз, бұл коммерциялық жобалардың қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан арақатынасының төмен деңгейінен көрінеді.

Осы арақатынастың жыл бойынша серпіні мынадай түрде: 2018 жыл – 23,5%, 2019 жыл – 20%, 2020 жыл – 25%, 2021 жыл – 26,1%, 2023 жыл – 29,4% [16].

Ал барлық ҒЗТКЖ қаржыландырудың жартысынан көбін құрайтын ғалымдар мен зерттеушілердің жалақысына тоқталатын болсақ, 2024 жылы бұл шығыстар бабы Қазақстанда 115,2 млрд теңгеге жетіп, бір жылда 32,1%-ға өсті.

Жүргізілген зерттеулер негізінде Қазақстандағы ғылымы және ұйымдардағы зияткерлік капиталды дамытуда тек жетістіктер ғана емес, сонымен қатар көптеген кедергілерге ие. Олардың ең маңыздылары:

- ғылыми мектептердің қолданыстағы базасын кеңейту қажеттілігі;
- ҒЗТКЖ-ға ішкі қаржыландыруларға мемлекеттің қатысуының жоғары үлесі;

- ҒЗТКЖ-ға ішкі қаржыландыруларға мемлекеттің қатысуының үлкен үлесі;
- ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің түрлері бойынша ҒЗТКЖ қаржыландырудағы сәйкессіздік және жүйесіздік;
- ҒЗТКЖ қаржыландырудың жалпы көлеміндегі тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың үлесінің аздығы;
- мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу үшін бизнестің сұранысының көп бағытты болуы;
- ұйымдардың шектеулі инновациялық белсенділігі;
- жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі;
- Қазақстанның жаһандық инновациялық тізбектерге интеграциясының жеткіліксіздігі;
- Ұйымдардағы зияткерлік капиталды дамытудың жүйелі корпоративтік стратегияларының болмауы;

Адами капитал қаржылық тұрақтылық пен компанияның нарықтық қабылдауына әсер ететін негізгі фактор ретінде танылды. Бұл еңбек өнімділігін, инновациялық белсенділікті және рентабельділікті арттыруға ықпал етеді. Ішкі үрдістерді, мәліметтер базасын және ұйымдастырушылық стратегияларды қамтитын құрылымдық капитал компанияның интеллектуалды базасын нығайтады және инновациялық идеяларды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Компанияның клиенттермен, серіктестермен және басқа да сыртқы субъектілермен өзара әрекеттесуімен сипатталатын реляциялық капитал оң имиджді қалыптастыруда және нарықтық позицияларды нығайтуда маңызды рөл атқарады [17].

Қазақстандағы ұйымдар қызметіндегі зияткерлік капиталды құру және дамыту барысында аталған мәселелердің шешімі мынадай іс- шаралар түрінде болуы қажет:

- экономиканың басым бағыттарында жаңа пәнаралық зерттеу топтарын құру отырып, бизнесті қоса отырып, жетекші жоғары оқу орындарының жанынан ғылыми кластерлерді қалыптастыру.
- ҒЗТКЖ-ны ішкі қаржыландыруда салықтық жеңілдіктер, инновациялық ваучерлер және технологиялық стартаптарды қолдау үшін жағдайлар жасау.
- зерттеудің түрлері арасында қаражатты бөлудің бірыңғай ұлттық әдіснамасын әзірлеу отырып, қаржыландырудың болжамдылығын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды енгізу.
- ұйымдардағы зияткерлік капиталды пайдаланып, прототиптер мен коммерцияландыруға жеткізуді ынталандыру, ұйымдарға гранттар мен салықтық жеңілдіктер беру.
- нарық сұраныстарына сәйкес білім беру бағдарламаларын өзектендіре отырып, Қазақстандық мамандардың шетелден оралуын ынталандыру, ғалымдардың жалақысын арттыру;
- халықаралық технологиялық бағдарламаларға қатысуды кеңейту (Horizon Europe, OECD STI, Азиялық инновациялық платформалар) және ұйыддардағы зияткерлік капиталдың халықаралық ұтқырлығы мен білім алмасуларын қолдау.

Қорытынды

Сонымен, зияткерлік капиталды ұйымдарда құру және дамыту-бұл жай ғана сән үрдісі емес, цифрландыру заманындағы көшбасшылық пен ұзақ мерзімді табысқа ұмтылатын заманауи ұйымдар үшін объективті қажеттілік. Адам ресурстарын, құрылымдық активтерді және қатынастарды тиімді басқару инновациялық әлеует пен қаржылық нәтижелерді арттыруға ғана емес, сонымен қатар цифрлы экономика жағдайында тұрақты дамуды қамтамасыз етуші басым күш болып табылады. Қазақстан үшін бұл аспект цифрландыру мен экономиканы жаңғыртудың Ұлттық стратегиясы шеңберінде ерекше маңызды мәселелердің бірі.

Осылайша, ұйымдар ішкі және сыртқы мәселелерді шешу үшін зияткерлік капиталды үнемі құруға, жаңартуға және тиімді пайдалануға қабілетті болған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Chrisman, J.J., Chua, J.H., De Massis, A., Frattini, F., & Wright, M. (2015). The ability and willingness paradox in family firm innovation. Journal of Product Innovation Management, 32(3), 310-318.

2. Osinski, M., Selig, P.M., Matos, F., Roman, D.J., 2017. Methods of evaluation of intangible assets and intellectual capital. J. Intellect. Cap. 18 (3), 470–485.

3. Руус Й. Интеллектуальный капитал: практика управления / Руус Й., Пайк С., Фернстрём Л. // СПбГУ. – 2-е изд.- СПб.: Изд-во «Высшая школа менеджмента»; Издат. Дом. С.-Петерб. Ун-та, 2008.-436 с.

4. Wang D. Does intellectual capital matter? High-performance work systems and bilateral innovative capabilities / D. Wang, S.Chen // International Journal of Manpower. – 2013. – Vol.34 № 8. – pp.861-879.

5. Chahal H. Effect of intellectual capital on competitive advantage and business performance: Role of innovation and learning culture / H.Chahal, P.Bakshi. // International Journal of Learning and Intellectual Capital. – 2014. – Volume 11, Issue 1. – pp. 52-70.

6. Holis, E. Managing intangible assets represents opportunity for learning leaders /E.Hollis / Atlanta: Chief Learning Officer, 2004

7. Bontis, N., Crossan, M. M., Hulland, J. 2002 Managing an organizational learning system by aligning stocks and flows. Journal of management studies: 437-469.

8. Sveiby, K.E. (1997), The New Organizational Wealth: Managing and Measuring Knowledge- Based Assets, Berrett-Koehler Publishers, San Francisco, CA.1997 ж.

9. The impact of the intellectual capital efficiency on commercial banks performance: Evidence from the US // Journal of Multinational Financial Management. – 2016. - № 36. – P. 64-74.

10. Развитие человеческого и интеллектуального капитала как ключевой фактор экономического роста / М. В. Халилова, А. А. Курманбекова, Ж. Т. Бекбергенова, к. К. Аскарбек // Экономика и бизнес: теория и практика. – 2025. – № 7(125). – С. 216-223. – DOI 10.24412/2411-0450-2025-7-216-223. – EDN YOGZQF.

11. Бекбергенова Ж. Т. Сущность интеллектуального капитала в экономике страны и основные аспекты его определения // Yessenov Science Journal. — 2025. — № 1 (50). — DOI: 10.56525/NFTF6453.

12. Jetmiko, J. (2018). Analysis on the effect of intellectual capital on growth and financial performance of islamic banking. Indonesian Journal Of Business And Economics, 92-109.

13. Intellectual capital efficiency and bank performance: Evidence from islamic banks // Borsa Istanbul Review. – 2022. - № 22. – P. 113-121.

14. ҚР АӘК Ұлттық статистика бюросының мәліметтері- 2024 ж.

15. https://ranking.kz/digest/industries-digest/rashody-na-niokr-rastut-no-poka-etot-protsess-v-osnovnom-prodvigaet-gosudarstvo.html Дата обращения 05.12.2025

16. Парламент Мәжілісінің 2024 жылғы 21 маусымдағы қаулысымен бекітілген №-17-VIII. 2023 жылғы Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР үкіметінің есебіне жоғары аудиторлық палатаның қорытындысы.

17. Интеллектуальный коэффициент добавленной стоимости в условиях развивающегося рынка // Материалы международной научно-практической конференции – 2010. Под ред. Р.М. Нижегородцева. С. 314-318.

REFERENCES

1. Chrisman, J.J., Chua, J.H., De Massis, A., Frattini, F., & Wright, M. (2015). The ability and willingness paradox in family firm innovation. Journal of Product Innovation Management, 32(3), 310-318.

2. Osinski, M., Selig, P.M., Matos, F., Roman, D.J., 2017. Methods of evaluation of intangible assets and intellectual capital. J. Intellect. Cap. 18 (3), 470–485.

3. Ruus J. Intellectual capital: management practice / Ruus J., Paik S., Fernström L. // St. Petersburg State University. - 2nd ed. - St. Petersburg: Publishing House "Higher School of Management"; Publishing House. St. Petersburg. University, 2008.-436 p.

4. Wang D. Does intellectual capital matter? High-performance work systems and bilateral innovative capabilities / D. Wang, S.Chen // International Journal of Manpower. – 2013. – Vol.34 № 8. – pp.861-879.

5. Chahal H. Effect of intellectual capital on competitive advantage and business performance: Role of innovation and learning culture / H.Chahal, P.Bakshi. // International Journal of Learning and Intellectual Capital. – 2014. – Volume 11, Issue 1. – pp. 52-70.

6. Holis, E. Managing intangible assets represents opportunity for learning leaders /E.Hollis / Atlanta: Chief Learning Officer, 2004

7. Bontis, N., Crossan, M. M., Hulland, J. 2002 Managing an organizational learning system by aligning stocks and flows. Journal of management studies: 437-469.

8. Sveiby, K.E. (1997), The New Organizational Wealth: Managing and Measuring Knowledge- Based Assets, Berrett-Koehler Publishers, San Francisco, CA.1997 ж.

9. The impact of the intellectual capital efficiency on commercial banks performance: Evidence from the US // Journal of Multinational Financial Management. – 2016. - № 36. – P. 64-74.

10. Development of human and intellectual capital as a key factor in economic growth / M. V. Khalilova, A. A. Kurmanbekova, Zh. T. Bekbergenova, K. K. Askarbek // Economy and business: theory and practice. - 2025. - No. 7 (125). - P. 216-223.– DOI 10.24412/2411-0450-2025-7-216-223. – EDN YOGZQF.

11. Bekbergenova Zh. T. The essence of intellectual capital in the country's economy and the main aspects of its definition // Yessenov Science Journal. — 2025. — No. 1 (50). — DOI: 10.56525/NFTF6453.

12. Jetmiko, J. (2018). Analysis on the effect of intellectual capital on growth and financial performance of islamic banking. Indonesian Journal Of Business And Economics, 92-109.

13. Intellectual capital efficiency and bank performance: Evidence from islamic banks // Borsa Istanbul Review. – 2022. - № 22. – P. 113-121.

14. Data of the National Statistical Bureau of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan - date of circulation 05.12.2025.

15. https://ranking.kz/digest/industries-digest/rashody-na-niokr-rastut-no-poka-etot-protsess-v-osnovnom-prodvigaet-gosudarstvo.html. date of circulation 05.12.2025

16. Approved by the Resolution of the Majilis of the Parliament No. 17-VIII dated June 21, 2024. Conclusion of the Supreme Audit Chamber on the Report of the Government of the Republic of Kazakhstan on the Execution of the Republican Budget for 2023.

17. Intellectual value added coefficient in an emerging market // Materials of the international scientific and practical conference - 2010. Edited by R.M. Nizhegorodtsev. p. 314-318.

ОБОСНОВАНИЕ НЕОБХОДИМОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО КАПИТАЛА В ОРГАНИЗАЦИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бекбергенова Ж.Т.[1], Ниязбекова Ш.[2], *Кизимбаева А.[3]
[1] НАО МУК, Бишкек, Кыргызстан
[2] Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации, Москва, Россия
[3] Yessenov University, город Актау, Республика Казахстан
e-mail: zhuldyz.bekbergenova@yu.edu.kz, shakizada.niyazbekova@qmail.com, azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz
Корреспондент автор: azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz

Аннотация. В данном исследовании рассматривается необходимость формирования и развития интеллектуального капитала в организациях страны с учетом того, что современный этап развития экономики характеризуется переходом от индустриальной экономики, основанной на факторах производства, к экономике, основанной на знаниях. В этих условиях интеллектуальный капитал признается основным активом и главным источником богатства любой организации, превосходя по значимости природные ресурсы, технологии и даже финансовый капитал. Эффективное использование интеллектуального капитала позволяет обеспечивать конкурентоспособность и получать дополнительную прибыль за счет уникальных преимуществ. Управление интеллектуальным капиталом в условиях высокой конкуренции становится целенаправленным процессом, обеспечивающим устойчивое развитие организации.

В статье рассматриваются сущность интеллектуального капитала, его структура, а также императивная необходимость его формирования и развития в современных организациях. Анализируются основные механизмы влияния ключевых составляющих интеллектуального капитала — человеческого капитала, структурного капитала и потребительского капитала — на деятельность организации. Описаны подходы к оценке каждой из этих составляющих и их влияние на экономические показатели.

На основе анализа компонентов интеллектуального капитала определены их основные характеристики и свойства, раскрыты основы их влияния на организационные показатели, а также обоснована необходимость их формирования и развития.

Проанализированы результаты международных количественных и качественных исследований, оценивающих влияние интеллектуального капитала и его составляющих на эффективность деятельности организаций Казахстана. Предлагаются подходы к совершенствованию интеллектуального капитала в будущих исследованиях посредством внедрения новых методов оценки его компонентов и использования конкурентных преимуществ, создаваемых интеллектуальным капиталом как совокупностью всех его составляющих.

Ключевые слова: экономика организации; структурный капитал; потребительский капитал; конкурентоспособность; экономика знаний; развитие интеллектуального капитала.

JUSTIFICATION FOR THE NEED TO BUILD AND DEVELOP INTELLECTUAL CAPITAL IN ORGANIZATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zhuldyz Bekbergenova[1], Shakizada Niyazbekova[2], Azhar Kizimbayeva[3]
[1]NAO MUK, Bishkek, Kyrgyzstan
[2]Financial University under the Government of the Russian Federation, Moscow, Russia
Yessenov University, Aktau, Republic of Kazakhstan
e-mail: zhuldyz.bekbergenova@yu.edu.kz, shakizada.niyazbekova@qmail.com, azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz
Corresponding author: azhar.kizimbayeva@yu.edu.kz

Abstract: This study examines the necessity of forming and developing intellectual capital in organizations within the country, given that the current stage of economic development is characterized by a transition from an industrial economy based on factors of production to a knowledge-based economy. Under these conditions, intellectual capital is recognized as the primary asset and main source of wealth for any organization, surpassing natural resources, technology, and even financial capital in importance. The effective use of intellectual capital ensures competitiveness and generates additional profits through unique advantages. Intellectual capital management in a highly competitive environment becomes a targeted process that ensures the sustainable development of the organization.

This article examines the essence of intellectual capital, its structure, and the imperative need for its formation and development in modern organizations. The article analyzes the main mechanisms through which the key components of intellectual capital—human capital, structural capital, and consumer capital—influence an organization's activities. It describes approaches to evaluating each of these components and their impact on economic indicators.

Based on an analysis of the components of intellectual capital, their main characteristics and properties are identified, the fundamentals of their impact on organizational indicators are revealed, and the necessity of their formation and development is substantiated.

The results of international quantitative and qualitative studies assessing the impact of intellectual capital and its components on the performance of organizations in Kazakhstan are analyzed. Approaches are proposed for improving intellectual capital in future research through the introduction of new methods for evaluating its components and the utilization of competitive advantages created by intellectual capital as the sum of all its components.

Keywords: organizational economics; structural capital; consumer capital; competitiveness; knowledge economy; intellectual capital development.